

Шалқар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 170 "2024-2026 жылдарға арналған Ақтоғай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2024 жылғы 19 желтоқсандағы № 354 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шалқар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 170 "2024-2026 жылдарға арналған Ақтоғай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2024 – 2026 жылдарға арналған Ақтоғай ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға, оның ішінде 2024 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 58106,1 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 5034,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 149,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 52923,1 мың теңге;

2) шығындар – 58333,5 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

қаржы активтерін сатып алудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -227,4 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 227,4 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімдері – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 227,4 мың теңге.";

5-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"5. 2024 жылға арналған Ақтоғай ауылдық округ бюджетіне аудандық бюджеттен 52860,1 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін.

Ағымдағы нысаналы трансферттің сомасын бөлу Ақтоғай ауылдық округ әкімінің шешімі негізінде айқындалады.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық
мәслихаттың төрағасы

Ж. Шамбалаев

Шалқар аудандық
мәслихатының 2024 жылғы
19 желтоқсандағы № 354
шешіміне қосымша
Шалқар аудандық
мәслихатының 2023 жылғы
29 желтоқсандағы № 170
шешіміне 1-қосымша

2024 жылға арналған Ақтоғай ауылдық округ бюджеті

Санаты				сомасы, мың теңге
	Сыныбы		Ішкі сыныбы	
		Атауы		
			I. Кірістер	58106,1
1			Салықтық түсімдер	5034,0
	01		Табыс салығы	284,0
		2	Жеке табыс салығы	284,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	1814,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	37,8
		3	Жер салығы	36,2
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1502,0
		5	Бірыңғай жер салығы	238,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	2936,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2936,0
2			Салықтық емес түсімдер	149,0
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	149,0
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	149,0
4			Трансферттердің түсімдері	52923,1
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	52923,1

		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	52923,1
II. Шығындар				58333,5
01			Ж а л п ы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер	43876,7
	1		Мемлекеттік басқарудың ж а л п ы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	43876,7
		124	Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	44135,7
			001 Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	43957,6
			022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	178,1
07			Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық	14196,3
	2		Коммуналдық шаруашылық	10370,5
		124	Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	10370,5
			014 Елді мекендерді с у м е н жабдықтауды ұйымдастыру	10370,5

	3			Елді-мекендерді көркейту	3825,8
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3825,8
			008	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3151,1
			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	335,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру	339,7
15				Трансферттер	1,5
	1			Трансферттер	1,5
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1,5
			048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	1,5
				III. Бюджет тапшылығы (профициті)	-227,4
				IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	227,4
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	227,4
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	227,4

		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	227,4
--	--	---	---	-------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК